«Жосалы кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Азия Голд Констракшн» ЖШС, «Мансур НС» ЖШС мен «Ai-Sultan Company» ЖШС өзара бірлесе отырып, ауылдық округтің әлеуметтік-экономиялық жағдайын жақсарту жөніндегі жобаларды іс жүзіне асыру туралы жасасқан

№13 МЕМОРАНДУМ

«Жосалы кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі тарапынан кент әкімі А.Ә.Досмуратов, «Азия Голд Констракшн» ЖШС-нің тарапынан А.А. Алматов, «Мансур НС» ЖШС-нің тарапынан Б.С.Әлденбаев және «Ai-Sultan Company» ЖШС-нің тарапынан А.Е. Алматов әрі қарай тараптар: Осы әлеуметтік жобаларды іс жүзіне асыру жөнінде төмендегідей келісімге келді:

1-бап

Осы Меморандумның негізгі мақсаты әлеуметтік жобаны бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі көлемінде іс жүзіне асыру. Жоба және құрылыс жұмыстары «Азия Голд Констракшн» ЖШС-нің есебінен жүзеге асырылады.

2- бап

Осы Меморандум көлемінде бірлескен қарым-қатынастың келесі түрлері қарастырылады:

а) Әлеуметтік жобаларды іс жүзіне асыруға ықпал жасау;

а) Жобаны іс жүзіне асыру жолдары мен түрлерін талқылауға кездесулер өткізу;

б) Қосымша тараптардың келісуімен басқа да қарым-қатынас түрлері.

3-бап

«Ai-Sultan Company» ЖШС-і осы Меморандумға сәйкес 2024 жылы Жосалы кентінің Ғарыш көшесі бойы түнгі жарық шам бағаналарын орнату құрылысы бойынша жоба-сметалық құжаттарын әзірлеуді міндетіне алады.

4-бап

«Азия Голд Констракшн» ЖШС-і осы Меморандумға сәйкес 2024 жылы Жосалы кентінің Ғарыш көшесі бойы түнгі жарық шам бағаналарын орнату құрылысын аяқтап «Жосалы кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі теңгеріміне өткізуді өз міндетіне алады.

5-бап

«Мансур НС» ЖШС-і осы Меморандумға сәйкес 2024 жылы Жосалы кентінің Ғарыш көшесі бойы түнгі жарық шам бағаналарын орнату құрылысы жұмыс барысын және жоба-сметалық құжаттарына сәйкес жұмыстың орындалу сапасын қадағалайды.

6-бап

«Жосалы кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі екінші тараптың Жосалы кентінің Ғарыш көшесі бойы түнгі жарық шам бағаналарын орнату құрылысын, құжаттарды уақытылы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің

Осы Меморандумға қол қоюшы тараптар өздерінің өкілеттігіне қарай өзара келіспеушілік туындаған мәселелерді шешуге жауапкершілікпен қарауды міндетіне алады.

7-бап

Осы Меморандум тараптардың өзара келісімі арқылы өзгерістер мен қосымшалар енгізуге болатындығын және осы меморандумның бөлінбейтін бір бөлігі болады.

8-бап

Осы Меморандум тараптардың қол қойған уақытынан бастап әлеуметтік жобаның іс жүзіне асыру мерзімі біткенге дейін күшінде болады.

Меморандум Жосалы кентінде 2024 жылы 21 қазанда___4__дана жасалды.

Меморандумға қол қоюшылар:

Кент әкімі А.А.Досмуратов _____	«Ai-Sultan Company» ЖШС-нің директоры А.Е.Алматов _____	«Мансур НС» ЖШС-нің директоры Б.С. Әлденбаев _____	«Азия Голд Констракшн» ЖШС-нің директоры А.А.Алматов _____